

УДК 37. 035: 6

*Еркін, Қ.,  
филология факультеті, «Шет тілі»  
мамандығының 3-курс студенті  
Хамзина, К.Б.,  
педагогикалық ғылымдар магистрі,  
аға оқытушы  
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

## ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

### *Түйіні*

*Мақалада баланы бесікке бөлеу қазақ халқына тән ұлттық құндылық екендігі және бесіктің тәрбиелік ерекшелігі жайлы баяндалады.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: бесік, бесікке салу, тәрбие, ұлттық құндылық, киелі мүлік.*

Ел болам десең, бесігінді түзе!  
Мұхтар Әуезов

Баланы бесікке бөлеу қазақ халқына тән ұлттық қасиет. Бесік киелі. Бесікке бөленген баланың ұйқысы тыныш, бойы жылы, тәні таза болады. Бесік-нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесікті Орталық Азия мен Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендейтін халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Тек әр түрлі үлгіде жасалады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. Шүмек қойдың асық жілігінен жасалады, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатылып алынады. Бесіктегі баланың аяғы, кеудесі қатты байланатындықтан, оның қан айналу жүйесіне керісінше әсер етеді. Сондықтан баланы бесіктен босатып, қол-аяғын қозғап, арнайы жаттығулар жасайды. Бесікпен қоса құс төсек, жастық, жөргек, қолбау тізебау тізе жастық, бесік көрпе даярланады. Бесіктің жер бесік, аспалы бесік (әлпеншек) деген екі түрі кездеседі.

Қазақта бесік қасиетті, киелі құтты мүлік болып есептеледі. Бесіктің жасалуы мен басқа да жабдықтарына тоқталсақ: қазақ бесігі талдан, қайыңнан иілсе, бұрышы имек болып, ал қарағайдан жасалса, тік бұрышты болып келеді.

Бесік арқалығы: біріншіден, оның үстіне жапқан көрпені баланың бетіне түсірмеу үшін; екіншіден, бесікті тербету үшін; үшіншіден, оған әртүрлі сылдырмақтар, ойыншықтар іліп тұмарлар тағу үшін аса қолайлы. Бала бесікте ояу жатқан кезде сол сылдырмақтармен ойнайды. Ол үшін ояғған екі қолын бос қояды.

Көшпелі ата-жұрттың дәстүрін жалғастырушы қазақ халқы бесікті көпке дейін сақтап, бірден бірге мұра есебінде қалдыра береді. Кездейсоқ жағдай болмаса өздігінен оны сындырып отқа жағуға болмайды.

Қазақ халқы көшпелі өмір сүргенімен де әр мүлікті қастерлеп, оларға өзіндік ырым-тиымдар жасайтын болған. Біреулерден ауысып келген немесе жаңадан жасатқан бесікке ең алғаш бөленген бала қайтыс болса, оны ешуақытта пайдаланбайды, бесікті шетінеген баланың қабіріне бірге апарып қояды. Бесіктің екі жақ басында, арқалығында қыздырылған темір басып қарыған таңбалар өте көп кездеседі. Бұл да дінге сену, отқа табынудың бір түрі. Бесікті қару әдеті баланы алғаш рет бесікке саларда, бала әлде қалай ауырып қалған жағдайда жасалады. Көбінесе қыздырылған шүмшеуірмен қарылады.

Бесік ұрпақ үшін оның пайдасы ұшан теңіз. Айталық:

Біріншіден – қол-аяғын ербедетіп бос жатқан сәбидің ұйқысы тыныш болмайды. Ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді.

Екіншіден – баланың мазасыздығы ананың психологиясына әсер етеді. Бұндай жайсыздық сүт арқылы сәбиге беріледі. Сондықтан бесікке жатпаған бала болашақта сабырсыздау болады.

Үшіншіден – баланы бесіктен шешкен кезде сәби керіліп-созылып, рахаттанады. Денесінің әртүрлі күйде болуы оған демалыс сыйлайды.

Төртіншіден – сәбидің тұлабойы таза болып, тазалыққа бойы үйренеді.

Бесіншіден – бесіктегі баланың денесіне дымқыл, сыз дарымайды. Құрғақ болады. Ол мықты денсаулық кепілі. Әрі қол-аяғы сыптай болып өседі.

Алтыншыдан – бесік белгілі бір ритммен ғана тербетіледі. Баланың жүйкесі бір жүйе, тәртіпке түседі.

Жетіншіден – бесіктегі балаға ана әлдіі әбден сіңеді. Қайырымды мінез қалыптасады. Бесік жырын тыңдаған баланың қанына ұлттық қасиет дариды.

Сегізіншіден – бесік сәбиді сырттан келетін кері энергия немесе тіл-көзден сақтайды.

Бұлар бесіктің толып жатқан пайдасының бір парасы ғана. Бесікті пайдаланбау арқылы қаншама ұлттық дәстүрімізден айырылып жатырмыз. «Бесікке салу», «Тыштыма», т.б. жоғалды. Үлкен жазушы Мұхтар Әуезов: «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» дегенді тегін айтпаған шығар

Баланы бесікке салу дәстүріне тоқталсақ:

1. Кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке салады. Бұл томалаққа жиналған ауылдың көрші – қолаң әйелдері шашуларын ала келеді. Баланы бесікке салардан бұрын ауылдың жасы үлкен, беделді әйелі бесік жабдықтарын орын – орындарына қояды. Содан кейін бесікті адыраспанмен аластап шығады.

2. Баланың ұйқысы тыныш болу үшін және жын – шайтанды қуу мақсатымен адыраспанды отқа жағып, түтетіп, баланы бесікке бөлерден бұрын бесікті айналдыра ырымдайды. Кейде бесіктің бел ағашына қыздырылған темір тигізіп, те ырымдайды.

3. Баланы бесікке бөлерден бұрын тыштырма ырымы жасалады. Бесіктің түбек тесігі арқылы бауырсақ, кәмпит және басқа тәтті дәмдер жапа тарамай астына тосылған алақан-дарға тасталады. Басқарушы әйел, «тышты ма» дегенде, қасындағы әйелдер іле – шала «тыштым» деп шу ете түседі. Әрбір жақсылықты үнемі шашу шашумен қарсы алатын халқымыздың бұл дәстүрі балаға бесік құт дарытсын деген ниетпен туған рәсім.

4. Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабу: бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдармен жабады. Тон, шапан жабу ержеткенде халықшыл болуына, жүген тез өсіп, ат үстіне ойнақ салсын. Кебенек пен қамшы – ел қорғайтын ер болсын деген тілек.

Бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар:

Бос бесікті тербетуге болмайды.

Бесікті сатуға болмайды. Бесікті саудаламайды. Айтқан бағасына сатып алу керек.

Кез келген адамға беруге болмайды.

Аяқ астына тастауға болмайды.

Бесіктің өзін отпен аластап қояды.

Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек. Үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет.

Бесіктің теріс жағына отырмайды.

Бесік жасайтын шеберлер ынсапты болуы тиіс. Киелі дүниенің бағасын аспандатпауы керек.

Бесіктегі нәрестесіне бесік жырын айту – әрбір анаға сын болған. Нәрестесі бөленген бесікті жыр ырғағымен тербелте отырып, бар пейілімен, жан-дүниесімен беріле керемет бір әуенмен бесік жырын айтқан жас ананы көру – әрбір қазақ отбасының тілегі. Әр нәрсенің

парқын зерделей білген ата-бабаларымыз «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал» – деп фибратты өсиет қалдырған (Ә. Табылдиев, 1992, 12 б.).

Бесік жырының құдіреті – халық педагогикасындағы жүрек пен ақыл тәрбиесін үндестіруінде. Бесік айтылар небір асыл ойларды тек нәресте ғана қабылдап қоймайды, ананың жүрекжарды әуезді әнін сол маңайдағы бүкіл тіршілік иесі тыңдайды, олардың да сезімін оятып, ой салады. Бесік жырының мазмұнындағы ойлы шумақтар балалардың қиялына қанат бітіріп, ой-армандарын ұштайды, шабыт тудырады. Бесік жырының айтылу әуені, ондағы ой, тілек баланың жас мөлшеріне қарай түрленіп отырады. Бесік жырында айтылар ой, тілек, ықылас, мейірім – сәбидің ұл не қыз екендігіне сай таңдалады. Мұның өзі халықтың перзент тәліміне аса талғаммен көңіл бөліп, ұлттық болмысты ескергендігінің айғағы.

Бесік жырының танымдық қасиеттеріне тоқталсақ:

*Біріншіден*, есту түйсігінің қалыпты, әрі тез жетілуіне, сан түрлі әуен сазы сезімталдығына тікелей әсер етеді, бұл құбылыс үнемі қайталана бергендіктен, оған бүкіл жүйкесі бейімделеді, кейін баланың сөйлеу мәнерінде ізі қалуы да ғажап емес. Бұл түйін саналы әрекетке көшуімен сипатталады.

*Екіншіден*, нәрестенің дер шағында жұлын жүйесі мен миы дұрыс жетіледі. Бірте-бірте бала зердесі қалыптасады, жырда айтылатын ұлттық ұғымдарды түйсініп, бойына дарыта береді.

*Үшіншіден*, бесік жырының мазмұны, айтылуы, әуені жылдар бойы ауыздан-ауызға көшіп, ұрпақтарға жетіп, заман ағымына қарай өзгеріске ұшырап отырады.

*Төртіншіден*, бесік қолтықтаған ана ғана жүрекжарды сезімі мен тілегін, үмітін, аналық сезімін тағылым құралына айналдырады.

Қазақ халқы «Бесіксіз үйде береке жоқ» деп өзінен кейін ұрпақ жалғастығына аса мән берген. Ал, дүниеге жас сәби келсе қуанышты хабарды тез жеткізу үшін атқа мініп, түзде жүрген атасынан немесе әкесінен сүйінші сұраған. Бұл қуаныш балаға азан шақырып, ат қоюмен жалғасқан. Жас сәбиді бесікке бөлеу гигиеналық жағынан да бала тәрбиесіне қолайлы, бала жылы, әрі құрғақ жатады.

Бесік жырларын мазмұнына қарай: шілдехана жыры, бесікке бөлеу жыры, жұбату және тілек айту деп топтауға болады.

*Шілдехана жыры құтты болсын айту, бата беру рәсімінде айтылады:*

Баланың бауы берік болсын,

Өскен сайын өрлесін,

Еш жамандық көрмесін.

Өзі жарық күн болсын,

Жасы ұзақ, мың болсын !

*Бесікке бөлеу жыры нәрестені бесікке салғанда, қуаныш тілек ретінде, көбінесе көңілді, әуезді әуенімен айтылады:*

Мойнымдағы маржаным,

Қорадағы мал-жаным,

Бесігіңе жата ғой,

Тәтті ұйқыға бата ғой

болсын есімің

Құтты болсын бесігің.

*Жұбату жырлары әсерлі, әуезді әуенмен айтылады:*

Бөпем менің қайда екен?

Қыздарменен тауда екен.

Тауда неғып жүр екен?

Алма теріп жүр екен.

Алмасынан кәнеки?

Жаңа теріп жүр екен.

Жаңасынан кәнеки?

Қабы толмай жүр екен.

Балғын бөбек бесік жырының жанға жайлы әуезді әуеніне жұбанып, рақатқа бөленеді. Мұның психологиялық, медициналық мәні де зор. Әуен бөбек жанына дем береді.

Бесік жыры көбінесе тілек айту мәніне құрылады да, жыр айтушы бөбектің келешегіне сенім артып, қуанышқа бөленеді. *Үміт тілек:*

Айыр қалпақ киісіп,  
Ақырып жауға тиісіп,  
Батыр болар ма екенсің?  
Бармақтарың майысып,  
Түрлі ою ойысып  
Ұста болар ма екенсің?!  
Таңдайларың тақылдап,  
Сөзінді жұрт мақұлдап,  
Шешен болар ма екенсің?!

*Бата тілек (сенім арту):*

Ала биен құлындап,  
Алатауға сыймасын!  
Қара биен құлындап,  
Қара тауға сыймасын  
Ақылыңмен батыл бол.  
Ағайынмен тату бол.  
Бағаналы таудай бол,  
Жағалалы көлдей бол!

Халық педагогикасының бұл саласы ғасырлар бойы бала тәрбиесіне өз өрнектерімен әсер етіп, қазіргі көркем әдебиет нұсқаларымен дамып келеді.

*Хадистегі бесік жайында ілімдерге тоқталсақ:*

Жатырдағы бала бұл құбылыстардың барлығын анасының денесі арқылы қабылдайды. Ал туғаннан соң аяғы шығып, өздігінше жүріп бейімделгенге дейін, оның денесі табиғи түрде қажетті тербеліске түсіп отыруға тиіс. Мұны іске асыратын нәрсе – тек қана бесік. Сондықтан бесікті орысша «колыбель» (тербелетін құрылғы) деп атайды. Отырықшы халықтарда, мысалы, орыстарда аспалы бесік (люлька) болған. Олар оны төбеге ілмектей бекітіп, тербетіп отырған. Ал көшпелі халықтарда, мысалы, қазақта көшіп-қонып жүруге ыңғайлы етіп тал бесік жасалған. Емшектегі бала бесікте жатса, оны қоршаған кіші кеңістікте (микророртада) өсіп-жетілуіне керек барлық физикалық жағдайлар, соның ішінде, ең негізгісі – жылу тұрақтылығы сақталып, заттар алмасу үдерісі қалыпты деңгейде өтеді. Сондықтан, дені-қары сау болуы үшін бөбек бесікке бөленуі қажет. Бұл туралы Құранда мынадай сөз бар: «Мәриям баланы көрсетті. Олар: «Бесіктегі бір бөбекпен қайтып сөйлесеміз?», – деді». Аятта Иса пайғамбардың анасы Мәриям пайғамбарды бесікте тәрбиелегені анық айтылған. Бұл мысал – бөбекті бесікке өсіру керек екенінің бір дәлелі.

Бәрін айтпай – ақ қояйық, төл теңгемізде бейнесі бар әлемдегі екінші ұстаз, екінші Аристотель атанған Әл Фараби де бесікте жатқан. Сөзің пірі Сүйінбай мен аққан жұлдыздай жарқ еткен ғұлама Шоқан да бесікке бөленген. Қазақтың қамын жеп, қартаймастан қайғы ойлаған қайран Абай да әжесінің ертегісі мен апасының әлдиін естіп бесікте жатқан. Ұлт басына туатын әбігердің қайда жатқанын әріден ойлаған Әбілхайыр хан да бесікке таңылған. Қазаққа қорған болған айбынды ер Абылай хан да шүмек пен түбектің түбінен шыққан.

Қазақ халқы үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбие беру. Тәрбие тал бесіктен басталады. *Баланы бесіктен тәрбиелеу қажет.*

Қорыта айтсақ, бесіктің отбасындағы тәрбиелік мәні зор, ол болашақ әулеттің қамқорлық, борыштық, дәстүрлік, рәсімдік қасиеттерін де қалыптастыруға себін тигізеді. Өйткені бесік жырымен сусындаған әрбір ұрпағымыз келешекте өнегелі, мейірімді болатыны сөзсіз. Сондықтан да балаларымызды бесікке бөлеудің пайдасын, ал тәрбиенің маңызы тал бесіктен бастау алатындығындығын ұмытпағанымыз абзал.

### **Әдебиет тізімі**

Қазақстан тарихы [Мәтін]: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / М. Қойгелдиев [және т.б.]. – Алматы: Мектеп, 2007. – 293 б.

Қасиманов, С. Қазақ халқының қолөнері [Мәтін] / С. Қасиманов. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 с.

Өмешұлы, Ә. Бесікке бөлеу зиян ба? [Мәтін] / Ә. Өмешұлы // Парасат. – №7.

Әмірғазин, Қ. Қазақ қолөнері [Мәтін] / Қ. Әмірғазин. – Алматы: [ж. б.], 2004.

Табылдиев, Ә. Халық тағылымы [Мәтін] / Ә. Табылдиев. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 197 б.

Кенжеахметұлы, С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі [Мәтін] / С. Кенжеахметұлы. – Алматы: [ж. б.], 1998. – 256 б.

Тілашар / Жалын баспасы. – [Алматы?]: [ж. б.], 1989.

*Мәлімет редакцияға түсті: 15.12.2016*

**ЕРКИН, К., ХАМЗИНА, К.Б.**

### **ВОСПИТАНИЕ НАЧИНАЕТСЯ С КОЛЫБЕЛИ**

*В данной статье рассматривается укладывание ребенка в колыбель как национальная ценность, присущая казахскому народу, и особенности воспитательной роли колыбели.*

**Ключевые слова:** колыбель, укладывание в колыбель, воспитание, национальная ценность, святой предмет.

**ERKIN K., HAMZINA K.B.**

### **EDUCATION IS BEGUN WITH CRADLE**

*In this paper, laying the baby in rassmotrivaetsya kalybel as a national value inherent in the Kazakh people and part Highlights the educational role of the cradle.*

**Keywords:** cradle, lying in the cradle, education, national treasure, the holy thing.